

МРНТИ 14.01.21

JEL Classification: I21

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2023-6-39-52>

СЕМЕЙ ӨҢІРІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУГЕ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ: ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А. А. Мусабалинова¹, Н. Дуррани², А. Қ. Жүсіп^{3*}

¹Құқық мектебі, КИМЭП Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

²Жоғары білім беру мектебі, Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан Республикасы

³Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеудің мақсаты – Мақала Семей өңірінде ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтардың балалары мен немерелеріне білім алу мәселелерін шешуге, атап айтқанда сапалы білімді іске асырудағы бұзушылықтардың мәнін зерделеуге бағытталған.

Зерттеу әдіснамасы – Мақала Назарбаев Университеті, Сассекс университеті (Ұлыбритания) және Алстер университеті (Ұлыбритания) арасындағы халықаралық ғылыми әріптестік негізінде «Семей өңірі балаларының жоғалған ұрпағы (1991-2021)» тақырыбында бірлесіп жүргізген ғылыми зерттеуі шеңберінде жазылды. Зерттеу барысында талданатын деректердің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін авторлар тақырыптық дедуктивті анализді негізге алды. Жалпы зерттеу барысында анализдің 2 түрі қолданылды. Алғашқысы – тақырыптық анализ. Оның негізінде зерттеу барысында алынған 30 интервью кодталды. Екіншісі – 4RS фреймворк әдісін қолданумен деректерді талдау. Бұл әдіс бұрынғы Семей өңірі, қазіргі Абай облысы контекстінде білім берудің саяси-экономикалық анализін жасауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында барлық этикалық қағидаларға сүйенген интервью әдісі қолданылды. Деректерді жинау барлық этикалық қағидаларды сақтай отырып, сұхбат беру арқылы жүргізілді. Зерттеу Назарбаев Университеті мен Ольстер университетінің (Ұлыбритания) этикалық комитетінің этикалық келісімінен өтті. Сондай-ақ зерттеу тақырыбына сәйкес әдебиеттер, нормативтік құқықтық құжаттар және статистикалық деректер зерделенді.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы – Аталған құжаттарды зерделеу барысында полигоннан зардап шеккен азаматтардың балалары мен немерелерінің білім алуына қатысты мәселелердің жіті қарастырылмағандығы анықталды. Сондай-ақ басқа да әдебиеттер, өңірлердегі интервью нәтижесінде авторлар өңірде балалар үшін білім беру саласында жағдайлардың жеткілікті деңгейде жасалмағандығына, полигон салдарынан орын алған экономикалық дағдарыстың, жұмыссыздықтың кейбір балалардың төмен деңгейдегі білім алуына немесе мүлдем алмауына әкелгеніне, сәйкесінше сапалы білімге қолжетімділік мәселелерін шешу қажеттілігіне тоқталды. Мұның бәрі саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрғыда жүйелі, бірізді сипатты қажет етеді.

Зерттеу нәтижесі – Аталған мәселелерді шешу үшін мақала авторлары Қазақстанда білім беру реформасын жаңғыртуда өңірдің спецификалық ерекшеліктерін ескеру қажеттілігін, өңірде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация желісін кеңейту, педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу бойынша құзыреттіліктерін арттыру, өңірдегі медициналық қызметті заманауи талаптарға сай жаңарту, қоғамда стигматизация және радиофобия мәселелерін шешу қажеттілігін ұсынады.

Түйін сөздер: ерекше білім беруді қажет ететін балалар, инклюзивті білім беру, сапалы білімге қолжетімділік, әлеуметтену, радиофобия, Семей полигоны.

КІРІСПЕ

Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) төртінші тұрақты даму мақсаты барлығын қамтитын және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және баршаға өмір бойы білім алу мүмкіндігін ынталандыруды көздейді [1]. Аталған мақсатқа сәйкес 2030 жылға қарай барлық балалардың сұранысқа ие және

тиімді оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін тегін, тең және сапалы бастауыш және орта білім алуды аяқтауын қамтамасыз ету міндеті қойылған. Осы тұста 1994 жылы Қазақстанда «Бала құқықтары туралы конвенцияның» да ратификацияланғанын атап өткен жөн [2]. Аталған Конвенция Балалардың құқықтарын қорғауға міндеттеме алған елдер ратификациялаған маңызды келісім болып табылады. Баланың құқықтары, оның ішінде балалардың білім алуға құқықтары Қазақстанның бірқатар нормативтік құжаттарында да белгіленген [3; 4; 5]. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында да «біздің білім беру жүйеміз қолжетімді және инклюзивті болуы тиіс» деп атап өткен болатын [6]. Жалпы, Қазақстан Республикасының заңнамалық базасы барлық білім алушыларға сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Алайда жүргізілген зерттеу нәтижелері мұның кей тұста практикада қажетті деңгейде іске аспағандығын айғақтайды. Атап айтсақ, ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен өңірде білім саласын жетілдіруге қарағанда өңірдің экономикалық, саяси жағдайын жақсарту мәселелеріне баса назар аударылған. Нәтижесінде зардап шеккен өңірдің кейбір балаларының сапалы білім алып, одан әрі қарай еңбекпен қамтылу, әлеуметтену салалары назарға жеткілікті түрде алынбаған. Сол себепті өңірдегі білім беру жүйесі қажеттіліктерін зерделеу қажеттілігі туындайды.

Осы саладағы қазақстандық еңбектерді зерттеуде К. Бозтаевтың «Қайнар синдромы», «Семей полигоны», Д. Сейсенұлының «Ядролық сынақ аймағы: кеше және бүгін», «Семей елі, жері», Т. Қасенованың «Атам улаған дала: Қазақстанның бомбадан бас тарту жолдары» еңбектері зерделенді [7-11]. Сондай-ақ осы тақырыпта шетелдік және отандық рецензияланатын басылымдарда жарияланған бірқатар ғылыми мақалалар қарастырылды [12-16]. Аталған еңбектерде өңірде полигон салдарынан орын алған мәселелердің экономикалық, саяси, әлеуметтік тұстары кеңінен, толыққанды қарастырылған. Десе де, полигон салдарынан зардап шеккен азаматтардың сапалы білімге қолжетімділігі мәселесі, оның ішінде полигон салдарынан орын алған экономикалық дағдарыстың, жұмыссыздықтың балалардың сәйкесінше төмен деңгейдегі білім алуына алып келуін арнайы қарастырған еңбектер табылмады.

Қазақстанда полигон салдарынан зардап шеккен жандарға қатысты нормативтік құқықтық құжаттарға зер салатын болсақ, зерттеу шеңберінде «Семей облысындағы ядролық полигон туралы» Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1990 жылғы 30 қарашадағы қаулысы [17], «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсан № 1787-ХІІ Заңы [18], «Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонында 1949-1990 жылдары ядролық сынаулар салдарынан зардап шеккен халықты медициналық оңалту бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 17 наурыздағы № 336 Қаулысы [19], «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеудің және оларға куәлік берудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 ақпандағы № 110 Қаулысы [20] қарастырылды. Аталған құжаттарды зерделеу барысында да полигоннан зардап шеккен балалардың сапалы білімге қолжетімділігі мәселелері жіті қарастырылмағандығы анықталды.

Семейдегі ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен балалардың бүгінгі таңдағы сапалы білімге қолжетімділігі мәселесін, атап айтқанда сапалы білімді іске асырудағы бұзушылықтардың мәнін зерделеу мақсатында Назарбаев Университеті, Сассекс университеті (Ұлыбритания) және Алстер университеті (Ұлыбритания) арасындағы халықаралық ғылыми әріптестік шеңберінде «Семей өңірі балаларының жоғалған ұрпағы (1991-2021)» тақырыбында ғылыми зерттеу жүргізілді. Аталған зерттеу жұмысы PEER Network жобасы шеңберінде Жаһандық мәселелерді зерттеу қоры (GCRF) арқылы қаржыландырылды. Зерттеудің негізгі бағыты – Семей ядролық полигонын жабу бойынша Қазақстан жүргізген саясат негізінде Семей өңіріндегі ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен балалардың білім алуға қолжетімділігі мәселесі. Мұндайда аталған мәселеге қатысты жергілікті саяси, әлеуметтік және экономикалық контекстті зерттеу қажеттілігі туындайды.

Зерттеудің негізгі міндеттері ретінде өңірдегі ядролық сынақтан кейін балалардың білімге қолжетімділігін, мұндайда тиісті органдармен сапалы білімге қолжетімділіктің қамтамасыз етілу дәрежесін, өңір тұрғындарының білімге қолжетімділік жөнінде пікірлерін зерделеу, сондай-ақ білімге қолжетімділікке кедергі болатын факторларды анықтау алынды.

Зерттеудің басты гипотезаларының бірі – Семей өңірінде орын алған ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен балалардың сапалы білімді жеткілікті деңгейде алмауы, сәйкесінше еңбекпен қамтылмай, тиісті дәрежеде әлеуметтенбеуі.

Бұл мақалада авторлар жүргізілген зерттеу жұмысында алынған нәтижелерге байланысты өз ұсынымдарын береді.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІГІ

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында қолданылған әдістерге келер болсақ, талданатын деректердің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін авторлар тақырыптық дедуктивті анализді негізге алды [21]. Анализдің бұл типі зерттеудің әртүрлі нүктеден зерделеу қажеттілігін талап еткен пәнаралық контекстуализациясына байланысты таңдалды. Жалпы зерттеу барысында анализдің 2 түрі қолданылды. Алғашқысы тақырыптық анализ. Оның негізінде зерттеу барысында алынған 30 интервью кодталды. Екіншісі–4RS фреймворк әдісін қолданумен деректерді талдау. Бұл фреймворк әдісі білім беру саласындағы осы секілді зерттеулерді жүргізуге арналған. Әдіс төрт құрамдасты қамтиды. Аталмыш құрамдастар саяси, мәдени және экономикалық теңсіздік тұрғысынан өлшеуге және өзара байланыс анықтауға, мұндайда постконфликті қоғамда білім беру саласының рөлін анықтауға мүмкіндік береді. Яғни алғашқы әдіске сәйкес білім беруге қатысы аз саяси және экономикалық аспектілер қарастырылғандықтан, 4RS қолданылды [22]. Бұл әдістің бірегейлігі контекстке байланысты бейімделе алуында. Зерттеу барысында қарастырылған 1991-2021 жыл аралығында ешбір ядролық сынақ жүргізілмеді. Десе де, радиация мен радиофобияның тұрғындарға тигізген әсері сақталды. Мұның барлығы назар аударуды және қандай да бір шешімдерді қажет етеді. Кеңес үкіметі құлдырағаннан кейінгі Қазақстанның қайта құрудағы саяси және экономикалық дағдарыс Семей полигонынан зардап шеккен өңір тұрғындарының өмірін одан сайын әлсіретті. Сол себепті әлеуметтік әділеттілік теориясы мен 4RS фреймворк әдісі әділеттілікке қол жеткізудегі білім берудің рөліне акцент қоя отыра бір нүктеге топтасқан анализ жүргізуде орынды болып есептеледі.

Зерттеу барысында сондай-ақ барлық этикалық қағидаларға сүйенген интервью әдісі қолданылды. Жалпы интервью 2022 жылдың қыркүйек және қазан айлары аралығында Семей, Астана және Алматы қалаларында, сондай-ақ ядролық полигонға жақын орналасқан аудандардағы екі ауылда жүргізілді. Алматы Қазақстанның 1998 жылға дейінгі астанасы болғандықтан, Семей өңірі тұрғындарының бір бөлігінің Алматы қаласына көшіп кетуі және Алматының 90-жылдардың басындағы саяси және ғылыми элитаның қаласы болуы зерттеудің бір бөлігінің Алматы қаласында өтуіне түрткі болды. Алғашқы екі интервью белсенді азаматтар тобынан құралған респонденттерден Астанада, ZOOM көмегімен алынды. Интервью 2022 жылдың күз айларында алынғандықтан, мақала келтірілген ақпарат сол уақытқа сәйкес келеді.

Сонымен қатар зерттеу тақырыбына сәйкес әдебиеттер, нормативтік құқықтық құжаттар зерделенді.

Нәтижелер мен талдаулар. Осы зерттеу барысында көтерілген мәселені контекстуализациялау оны толық түсінуде шешуші рөл атқарады. Әдетте мәселені оның пайда болу табиғатын түсінбей ұғыну қиындыққа соғады. 4RS шеңбері контекстті назарға ала отырып, мәселені түсіну және шешуді білдіреді. Яғни аталмыш шеңберді пайдалану жаңа контексттік білімдер негізінде шеңбердің төртінші және ең маңызды құрамдасы үшін қандай шаралардың қажет екендігін түсінуге мүмкіндік береді [22].

Қарастырылып жатқан зерттеу жұмысында Семей өңіріндегі балалардың білім алу мүмкіндіктері контент болса, саясат пен экономика контекст қызметін атқарады. Деректерді талдау көрсеткендей, кей нәрселерді контекстте ұғыну қажет.

Жоғарыда мазмұндалғанды ескере келе, контекст бойынша 9 шағын тақырып және контент бойынша 10 шағын тақырып іріктелді (Кесте 1). Байланыстырушы тақырыптар 2-кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Алғашқы тақырыптық сәйкестік: мазмұн және контекст

Контекст	Контент
1. Саяси режим (6, 7, 10)	1. Жүйелі шешімдер қабылдау мен шектеулер
2. Сыбайлас жемқорлық (1, 9)	2. Үмітсіздік (қалыптылық)
3. Оқшауланған тәсіл (1)	3. Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің жақсаруы
4. Адамдардың құқықтарын бұзу (5)	4. Мәжбүрлі амнезия (мәселені бүркемелеу)
5. Халықаралық стандарттар (1)	5. Жеке жауапкершілік (таңдау/таңдаудың болмауы)
6. Саяси және экономикалық дағдарыс (4, 8)	6. Әділетсіздік
7. Балалардың білімі мен құқықтарына үстірт қарау (1, 11)	7. Антиколониалық көңіл күй
	8. Азаматтық белсенділік
	9. Ресурстардың жетіспеушілігі
	10. Халықтың сауатсыздығы
	11. Білімнің сапасыздығы
Ескерту – авторлармен құрастырылған	

Кесте 2 – Қорытынды тақырыптар

Контекст	Контент
1. Өңірдің тарихи және мәдени ерекшелігі	1. Саяси режим
2. Саяси және экономикалық аспект	2. Сыбайлас жемқорлық
3. Мәселенің конструктивтілігі/күрделілігі	3. Оқшауланған тәсіл
4. Өңірдегі инклюзивті білім беруді қоса алғанда, білім беру жүйесінің дамымауы: жоғалған ұрпақ, білім беру мәселелеріндегі бытыраңқылық және үстірт көзқарас, мүмкіндіктер ұсыну, баланың ең жақсы мүдделері: білім беру	4. Адам құқықтарының бұзылуы
	5. Саяси және экономикалық дағдарыс
	6. Білім беру мен балалардың құқықтарына үстірт қарау
	7. Жүйелі шешімдер қабылдау және шектеулер
	8. Үмітсіздік (қалыпты жағдай)
	9. Халықтың сауатсыздығы
	10. Мәжбүрлі амнезия (мәселені жасыру)
	11. Жеке жауапкершілік (таңдау/таңдаудың болмауы)
	12. Әділетсіздік
	13. Антиколониалық көңіл күй
	14. Азаматтық белсенділік
	15. Балалардың білімі мен құқықтарына үстірт қарау
	16. Сапасыз білім
	17. Халықаралық стандарттар
	18. Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жақсарту
Ескерту – авторлармен құрастырылған	

1. Өңірдің тарихи және мәдени ерекшелігі. Алынған деректер ядролық зерттеулер жүргізу кезінде авторитарлық режимге ауысқан тоталитарлық режимнің жаңғырығын, сондай-ақ осыған байланысты зерттеуге қатысушылардың тұнжыраңқы көңіл күйлерін қамтиды. Зерттеуге қатысушылардың пікірінше, тұрғындарға келтірілген залалды одан кейінгі өтемақы мөлшерімен есептеуге келмейді. Сынақтар жүргізу кезінде, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстан уақытында өңірдегі адам құқықтарының бұзылуы зерттеу қатысушыларымен бірнеше мәрте көтерілген. Алайда акцент полигонның жабылуына

қойылып, мұның өзі үлкен жеңіс ретінде есептеліп, оның салдары ескерусіз қалған. Интервьюге қатысушы респондент Жаннұрдың пікірінше: *«Полигонды жабу керек және осымен бітті. Ол кезде мұны ешкім ойламады. Жапқанның өзі – үлкен жеңіс. Одан кейін ауыр жағдайдағы үйде жатқан мүгедектер ағыны көбейді. Полигон салдарын осындай мүгедектерді сыртқа шығара бастағанда ғана көрдік... Олардың құқықтары жөнінде сөз қозғамайтын...»*.

Зерттеуге қатысушы респонденттер құқықтардың бұзылуының себебі ретінде қайта құрылыс уақытындағы саяси және экономикалық дағдарысты атайды. Дегенмен жүйелі шектеулер мен бұзушылықтар қандай да бір деңгейде осы уақытқа дейін – Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін 30 жыл өткен соң да жалғасып келеді.

Тұрғындардың енжарлығы, қандай да бір деңгейде сауаттың аздығы бір жағынан, жүйелі бұзушылықтар екінші жағынан мұны «қалыпты» жағдай деп тануға алып келді. Зерттеуге қатысушы Жұлдыздың пікірінше: *«Жалпы алғанда біздің күресуіміз керек нәрсе – бұл жағдайға әбден көніккен адамдардың енжарлығы. Талап етпейді, ешнәрсе істемейді. Құдайдың бұйырғаны деп қабылдайды»*. Зерттеуге қатысушы Советханның пікірінше: *«Менің ойымша, бұл Үкіметтің тұрақты мәселесіне айналуы тиіс... Адамдар шаршады. Олар қандай да бір орган болмаса, талаптарын алдыға шығара алмайды. Бір адам айтады. Қазір міне екеуіміз айтып жатырмыз. Өкінішке қарай, мұның бәрі бос сөз»*.

1991 жылы ядролық полигон жабылған кезде пайда болған үміт, тұрғындардың пікірінше, бірден жоқ болды. Зерттеуге қатысушылардың пікірінше, тұрғындар ешнәрсеге ие болмады немесе ие болған жағдайда да мұның мардымсыз болғандығы жөнінде тұжырымдауға болады. Зерттеуге қатысушы Азаматтың пікірінше: *«Біз сынақтар жөнінде көп сөз қозғаймыз. Іс жүзінде ешкім ешнәрсе істемеді»*.

Десе де, соңғы тұжырым даулы, себебі зерттеуге қатысушы тағы бір респондент (Әсел) полигонды жабу шеңберінде өзі қатысқан өңірдегі жеті жоба жөнінде баяндады. Бұл халықаралық жобалар БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясына сәйкес жүзеге асырылды: *«1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының отырысынан соң ядролық жарылыстан зардап шеккен Семей өңіріне көмек көрсету жөнінде резолюция шықты. Одан кейін Сыртқы байланыстар комитетін құрмақшы болды... Ол бес бағытты қамтыды: экология, экономика, әлеуметтік сала және ақпараттық бағыт. Бұл бағыттарға сәйкес зерттеулердің басымдықтары белгіленді және 38 жоба мақұлданды. Олар бізге көмек көрсеткісі келген БҰҰ, донорларға ұсынылды. НАТО жетістіктері келді. Радиологиялық карта құрылды. Ол кейін Экология министрлігіне жолданды. Біздің қаламыздың әкімі Токиоға барып, баяндама жасады. Содан кейін жапондықтар 11,5 млн. доллар көлемінде медициналық жабдықтарға көмек көрсетті. Ал бұл бес бағыт 43 млн. доллар болып белгіленді»*.

Медициналық жабдық ретінде көмек көрсетілгендігін өзге де респонденттер атап өтті. Респондент Жомарттың пікірінше: *«Қазақстан Үкіметінің қолдауы негізінде Жапониядан келген жабдықтар көп болды»*.

Десе де, өңірде жақсы жабдықтардың қажеттігі жөнінде сөз болды (Жаннұр): *«Радиациялық жабдықтарды алу үшін қаржы бөлінсе деген тілек бар. Бөлінетін қаражат мардымсыз»*.

Осы жерден 90-шы жылдардың басында жеткізілген жабдық ескірген немесе бүкіл тұрғындарға қолжетімсіз деген ой пайда болады. Сондай-ақ БҰҰ-мен ынтымақтастықта іске асырылған 38 жобаның жағдайы екіұшты болып табылады. Екі болжам жасауға болады: не жобалар қағаз жүзінде жүзеге асырылды және халық нәтижені сезінбеді немесе жобалар тұрғындардың кішкене бөлігіне ғана арналды және көпшілік мұны білмеді. Талдау деректеріне, сондай-ақ зерттеу авторларының бақылауларына сүйене отырып, қарапайым адамдар әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру шараларын сезінбеді деген қорытынды жасауға болады.

Талқылау. *Өңірдің тарихи-мәдени ерекшелігі.* Бұл зерттеу өңірдің тарихи және мәдени әділеттілігін қалпына келтіру уақытымен сәйкес келді. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев: *«Биыл халықтың тілектерін ескере отырып, өңірде жеке облыс құру туралы шешім қабылдадым. Бұл қадам әлеуметтік-экономикалық мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік береді және жергілікті тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді. Ұлы Абайға ерекше құрмет белгісі ретінде жаңадан құрылған облыс оның есімімен аталады»* деп атап өткен болатын [23].

Атап айтар болсақ, 1997 жылдан 2022 жылға дейін, яғни 24 жылдан астам уақыт бойы өңір Шығыс Қазақстан облысының (ШҚО) құрамында болды, облыс орталығы Өскемен қаласы болды. Аталған жылдары өңір дамымады. Мұны мемлекет басшысының жұртшылыққа айтқан сөздері негізінде бағалауға болады: *«Семей қаласының инфрақұрылымы өте тозған. Жазда ыстық су жоқ, ал қыста үйлер жылытылмайды. ЖЭО зиянды шығарындылары қаладағы ауаны қатты ластайды. Бұл мәселелерді шешетін уақыт келді»* [24]. *«Мен жергілікті кәсіпкерлерді Абай облысын жаңғыртуға бірге қатысуға шақырамын. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде мектептер, емханалар және басқа да әлеуметтік нысандар салу үшін әлеует бар»* [25].

Семей облысы мен оның тұрғындары Кеңес Одағының орталық билігі ядролық қаруды сынау үшін таңдалды [25]. Зерттеуге тарих мамандары қатысты, олар Кеңес өкіметі неге аз қоныстанған және шалғай аумақтарды таңдамады деп ойлайды. Басқару және географиялық көрсеткіштер тұрғысынан түсіндіруден басқа, мұндай шешім өңірде тұратын негізгі халықтың мәдени ерекшеліктерімен байланысты деген болжам жасалды. Алайда, Б. Атчабаровтың жетекшілігімен қазақстандық ғалымдардың зерттеу нәтижелері КСРО билігін жер бетінен жерасты зерттеулеріне көшуге итермелегенін параллель келтіруге болады [26].

Жалпы, өңір бойынша деректерді алу мүмкін болмады, өйткені олар Абай облысы бойынша жүргізілмеген. Саяси-экономикалық дағдарыстар өңірдегі жағдайдың нашарлауына ықпал етті, бұл мақала барысында талқыланады.

2. Саяси-экономикалық аспект. Саяси-экономикалық аспект тұтастай алғанда елдің қайта құру кезеңіндегі саяси және экономикалық дағдарысты ескере отырып, бұл өңірдің дамуына, дәлірек айтсақ, оның дамымауына әсер етті. Өңір тұрғындары полигон мүлдем болмағандай ұмытылғанын айтады. Респонденттердің пікірінше, Семей қаласы Семей (*Семипалатинск орнына*) деп аталғаннан кейін уәде етілген ықтимал сыртқы инвестицияларға қарамастан, өңірде ешқандай инвесторлар мен даму байқалмайды.

1998 жылдан 2022 жылға дейін қала Шығыс Қазақстан облысының өңірлік бірлігі болды. Осы кезеңде көптеген мамандар басқа өңірлерге кетті, ал қазір өңірде білікті мамандар, соның ішінде дәрігерлер мен педагогтер жетіспейді: *«ол жағынан медицина артта қалып тұр. Ерте диагностика жоқ. Бәлкім сол қысқартар ма еді ауруларды. Біздің мықты мамандардың барлығы Астанаға көшіп кетті. Себебі еңбекақы төмен, перспектива жоқ, жағдай жоқ, аппараттар жоқ»* (Айжан).

Талқылау. **Саяси-экономикалық аспект.** Нәтижелері әдебиетте келтірілген басқа ғалымдардың зерттеулері елдің саяси-экономикалық дағдарысының өңір тұрғындарының өміріне өңірдің экологиясымен бірге әсерін көрсетеді. *Ядролық сынақтардан зардап шеккендерге мерзімінен бұрын зейнетақы, мүгедектік бойынша зейнетақы және экологиялық қосымша ақы берудің барлық бағдарламалары мемлекеттік қаражаттың жетіспеушілігімен және ҰЕҰ-ның пайда болған бос орынды толтыра алмауымен шектелді.*

Саясаттың салдарынан аймақ экономикалық тұрғыдан зардап шеккенін қазір өңір ел Президентінің тапсырмасы бойынша саясаткерлердің күн тәртібіне қайтарылған кезде көруге болады, бұл туралы жоғарыда айтылды. Белсенділер бұл жолы олар естіледі деп үміттенеді.

3. Мәселенің конструктивтілігі / күрделілігі. Зерттеуге қатысушылардың көпшілігі белсенді болды және пікір білдіргенге қуанышты болды. Жалпы, қатысушылардың көпшілігі – азаматтық белсенділер. Зерттеуге қатысушылар Үкімет пен жергілікті билікті бірлесіп жұмыс істеуге шақырады.

Білім беру жолында балалар қандай кедергілерге тап болуда? сұрағына бірқатар қатысушылар барлық мүмкін кедергілер: саяси, экономикалық және әлеуметтік екенін атап өтті. Аймақтың саяси-экономикалық шектеулері, мысалы, білім беру және денсаулық сақтау саласындағы қызметтер мен мамандардың жетіспеушілігінен көрінеді. Азаматтық белсенділердің пікірінше, халықты қолдау жұмыстары тоқтатылмауы керек, бірақ оларға құрбан ретінде қараудың қажеті жоқ. Ауруды ядролық сынақтармен байланыстыру және қосымша оңалту қызметтерін алу үшін бірнеше комиссия қажет. Кейбір респонденттердің пікірінше, бұл үшін байланыс немесе заңдарды енгізу және сауатты болу қажет.

Әлеуметтік кедергілер мүгедек балаларды стигматизациялауда, сондай-ақ олардың қандай қызметтер мен жәрдемақыларға құқығы бар екендігі туралы халықты хабардар етудің жетіспеушілігінде

көрінеді. Білім беру мен денсаулық сақтауды қоса алғанда, әлеуметтік қызметтер саласындағы өтініш беру сипаты көбінесе балаларды өздеріне құқығы бар мүмкіндіктерден айырады. Мәселен, балалар инклюзивті білім алуға, оңалту бойынша тиісті жәрдемақылар мен қызметтерге қол жеткізе алмауы мүмкін, өйткені ата-аналардың мұндай мүмкіндіктер туралы білмеуі немесе қаладан немесе аудан орталығынан алыс орналасуы ықтимал. Сондай-ақ медициналық куәландырудың ұзақтығы себеп болуы мүмкін, оны тек қалада өтуге болады, ал мемлекет қалада ата-аналардың жол жүру және тұру шығындарын төлемейді. Осыған байланысты, шалғайдағы кенттердің тұрғындары одан саналы түрде бас тартады. Бұл ретте, респонденттер оңалту құқығын алса да, қалада оңалту орталықтары болмағандықтан, Астана немесе Алматы сияқты ірі қалаларға бару қажет екенін атап өтті. Жол жүру және тұру шығындары мемлекет тарапынан төленбейді, ал ең қиыны балаларды тасымалдау бойынша ілеспе қызметтер жоқ.

Зерттеу көрсеткендей, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау мамандары баланың дамуындағы және оның жалпы білім беру бағдарламасына қол жеткізуіндегі маңызды рөлді түсінбейді. Зерттеуге әлеуметтік қорғаудың тек 2 маманы және денсаулық сақтау саласының 5 маманы қатысты.

Талқылаулар: тақырып бойынша деректерді талдау: білімге қол жеткізу мәселесінің конструктивтілігі мен күрделілігі, ведомствоаралық жұмыстың маңыздылығын және баланың ең жақсы мүдделерін, атап айтқанда даму мен білім берудегі әрбір жүйе мен қауымдастықтың рөлін түсінуді көрсетті. Бұл тек көлденең емес, тігінен жұмыс істеуге қатысты. Өңір тұрғындарының мүдделерін қамтамасыз ету және қажеттіліктерін өтеу үшін өңір өкілдері орталық деңгейде тыңдалуы тиіс.

Баланың дамуына кешенді көзқарас қажет және бұл ғылыми зерттеулермен дәлелденген [27-28]. Қазақстанда заңнамамен балалардың медициналық скринингі көзделген, ПМПК және ППТК жұмыс істейді, алайда жұмыстың тиімділігі практикада зардап шегеді [29]. Зерттеуге қатысушылар зерттелген өңірде адами ресурстар мен білімнің жетіспеушілігін атап өтеді. Осыған байланысты, өңірге мамандарды тарту бойынша қосымша күш-жігер, қолда бар мамандардың құзыретін арттыру, сондай-ақ міндетті ХДҚДБ бойынша заңнамаға түзетулер енгізу бұл мәселені орнынан жылжытуы мүмкін. Барлық салалардың өзара байланысына және баланың болашағына, отбасына және қоғамға әсеріне ерекше назар аудару керек.

4. *Өңірдегі инклюзивті білім беруді қоса алғанда, білім беру жүйесінің дамымауы: жоғалған ұрпақ, білім беру мәселелеріндегі бытыраңқылық және үстірт көзқарас, мүмкіндіктер беру, баланың ең жақсы мүдделері: білім беру.* Білімге қатысты мәселелер бойынша қатысушылардың көпшілігі осындай пікірлер білдірді. Атап айтқанда, тұрғындардың пікірінше, өңірде ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен балалар үшін нақты ештеңе жасалмады. Мысалы, Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылында өңірде бірде-бір қосымша психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК) ашылған жоқ. Шамамен екі жүз мыңнан астам бала тұратын Семей қаласы мен облыстың үш ауданына бір ғана ПМПК жұмыс істейді, ал заңнамаға сәйкес елу мың бала халқына бір ПМПК ұсынылады. ПМПК қызметкерлері аудан орталықтарына жылына бір рет барады, қабылдау кезегі екі айдан асады. ПМПК кабинетінің өзі арнайы мектептің қабырғасында екі шағын кабинетте орналасқан және бір ауысымда жұмыс істейді. Мамандардың айтуынша, өңірдегі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың саны арнайы мектептердегі орындардың санына сәйкес келмейді, осыған байланысты балалар үйде оқытуда қалады. Үйде оқыту сапасы мамандардың айтуынша, жіті бақыланбайды. Жалпы білім беретін ұйымдарды инклюзивті жағдайда жұмыс істейтін мамандар жетіспейді, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеу үшін арнайы дайындық жоқ. Ауылдық жерлерде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істейтін мамандар жоқ. Ата-аналар балаларын күн сайын қалаға 100 шақырым жерде оқуға апарайды.

Сондай-ақ ауылдық жерлерде тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған мектептерге жолдар мен тасымалдау жоқ екендігі атап өтілді. Балалардың қосымша тамақтану қажеттілігін бөлек атап өтуге болады. Мұғалімдердің айтуынша, балалар аймаққа тән анемия мен дәрумендердің жетіспеуіне байланысты шаршайды.

Осылайша, баланың білім алуы және коммуникациялық дағдыларды меңгеруі, әсіресе ауылдық жерлерде ең жақсы мүдделерін қамтамасыз ету мәселесі ашық күйінде қалып отыр.

Десе де, білім беру жүйесінің өкілдерімен сұхбатты талдау өңірде инклюзивті білім беру бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын көрсетті. Тіпті ауылдық жерлерде де педагогтер инклюзивті білім берумен айналысатынын айтты. Көптеген респонденттер 90-шы жылдардан айырмашылығы, қазір экономикалық жағдай жақсырақ екенін айтады. Мүгедектігі бар адамдар мүгедектер арбаларын, жәрдемақыларды, сондай-ақ үйде әлеуметтік қызметкерлердің қызметтерін алады. Сонымен, оқымаған деп танылған балалармен әлеуметтік қызметкерлер жұмыс істейді. Әлеуметтік қызметкерлердің бірінің айтуынша, баламен ерте жұмыс істеу баланың білім беру жүйесіне қосылуына ықпал етуі мүмкін. Сонымен қатар әлеуметтік қызметкерлердің арқасында ата-аналар баланы қоғамға шығарады және баласынан ұялуды тоқтатады. Алайда бұл жақсартулар жалпы республика бойынша әлеуметтік жұмыстағы және инклюзивті білім беруді дамытудағы өзгерістер аясында жүріп жатқанын атап өтуге болады. Респонденттердің айтуынша, өңірдің тұрғындары мен балалары үшін білім беру саласында арнайы шаралар қабылданбаған, бұл әсіресе ауылдық жерлерге қатысты.

Пайымдау: инклюзивті білім беруді қоса алғанда, білім беру жүйесінің жеткілікті деңгейде дамымауы. Алғашқы үш тақырып бойынша деректерді талдау суретті немесе контекстті сипаттады. Соңғы тақырып бойынша деректерді талдау зерттеудің негізгі мазмұнын, атап айтқанда білім беру саласын және ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен баланың білім алу құқығын қамтамасыз етуді білдіреді. Алынған мәліметтер контекстті ескере отырып логикалық болып табылады. Бұл ретте, өңірдің контексті соңғы уақытта облыс мәртебесін алумен өзгеретінін ескере отырып, ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен балалардың білім беру мен әлеуметтенуге қажеттіліктері мен құқықтары ресурстарды бөлу кезінде танылып, ескерілгенін қалаймын. Бұл өз кезегінде болашақ ұрпақтың мүдделерін ескере отырып, өңірлердің әлеуметтік әділеттілігін, тұрақтылығын және ұзақ мерзімді жоспарларын қалпына келтіру бойынша қабылданған шаралар туралы куәландыратын болады.

